



## «Демург» педагогикалық олимпиадасының ережесі (2017-2018 оқу жылы)

### 1. Жалпы ережелер

1.1. Осы ереже білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері арасында «Демург» қашықтық педагогикалық олимпиадасын ұйымдастыру және өткізу тәртібін белгілейді (әрі қарай – Олимпиада).

1.2. Олимпиаданың мақсаты шығармашылық даралықты дамыту, педагогикалық инновацияларға зеректікті және өзгеріп отыратын педагогикалық ортаға бейімделу қабілетін қалыптастыру арқылы жалпы орта, мектепке дейінгі және кәсіби білім беру жүйесі педагогтарының кәсіби құзыреттіліктерін кеңейту болып табылады.

1.3. Олимпиаданың міндеттері:

- Педагог өзінің кәсіби деңгейін арттыру қажет екенін сезіне алатын педагогикалық өсу үшін жағдай жасау және ынталандыру;
- Қатысушыларға педагогикалық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беретін ортаны құру;
- Жалпы орта және кәсіби білім беру жүйесі педагогының замануи позитивті кейпін қалыптастыру.

1.4. Байқаудың ұйымдастырушысы – «Евразийский центр поддержки и развития молодежи» ЖШС.

1.5. Олимпиада орыс тілінде өткізіледі.

1.6. Олимпиада ерікті негізде өткізіледі.

### 2. Олимпиадаға қатысу шарттары

2.1. Олимпиадаға барлық үлгідегі жалпы білім беретін мекемелердің, кәсіби лицейлер мен колледждердің оқытушылары, мұғалімдері және қосымша білім беру педагогтары, жоғарғы оқу орындары мен колледждердің педагогикалық мамандықтарының студенттері қатысады. Жасы мен жұмыс өтілі бойынша шектеулер жоқ.

2.2. Олимпиадаға қатысу үшін өтінім беру қажет. Өтінім тек қана [www.cprm-publ.kz](http://www.cprm-publ.kz) сайтында тіркелген пайдаланушыларымен беріледі.

2.3. [www.cprm-publ.kz](http://www.cprm-publ.kz) сайтының қатысушылары Олимпиададан өту кезінде, Олимпиада қатысушылары деп аталатын болады (әрі қарай – қатысушылар).

### 3. Олимпиаданы өткізу ережелері және тәртібі

3.1. «Демург» педагогикалық Олимпиадасы кәсіби олимпиада болып табылады және келесі бағыттар бойынша өткізіледі:

· бастауыш сынып	· дене шынықтыру
· қазақ тілі	· сызу және бейнелеу өнері
· қазақ әдебиеті	· музыка
· орыс тілі	· технология (ұлдар/қыздар)

· орыс әдебиеті	· физика
· ағылшын тілі	· химия
· Қазақстан тарихы	· биология
· информатика	· география
· математика	· өзін-өзі тану
· мектепке дейінгі тәбие және оқыту	· мәдениеттану

Олимпиаданы өткізу нысаны – қашықтық on-line (Интернет желісіне үнемі қосылуды талап етеді).

3.2. Олимпиада биатлон спорттық ойынының принципі бойынша интерактивті режимде өткізіледі.

«Олимпиадалық қашықтық» дайындаушы анықтаған тақырыпқа сәйкес, әр түрлі үлгідегі тапсырмалардан тұратын 10 «атыс шебінен» тұрады. Дайындалу үшін тақырыптар [www.cprm-publ.kz](http://www.cprm-publ.kz) сайтында Олимпиаданың басталуына дейін 2 апта бұрын орналастырылады.

3.3. Әрбір «атыс шебінде» (тақырыптық тапсырмада) қатысушы 1 «атыс» жасайды. «Атыс шептерінің» саны оқу пәнінің қиындылығына, логикасына, ерекшелігіне қарай өзгеріп отырады. Қатысушы міндетті түрде «атуы», яғни сұраққа жауап беруі тиіс. Дұрыс жауап қатысушыға «жарысты» жалғастыруға және автоматты түрде келесі «атыс шебіне» көшуге мүмкіндік береді.

3.4. Дұрыс емес жауап берген жағдайда, қатысушы автоматты түрде айыппұл шеңберіне жіберіледі, онда қосымша 3 «атыс» жасауы тиіс (3 сұраққа жауап беруі тиіс). Айыппұл шеңберінен өткеннен кейін ғана қатысушы қайтадан келесі тапсырманың «атыс шебіне» шыға алады.

3.4.1. Айыппұл шеңберлерінің тапсырмалары келесі тақырыптармен анықталады:

1. Инновациялық білім беру технологиялары.
2. Оқыту әдістері және оқу-танымдық қызметті ұйымдастыру нысандары.
3. Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы нормативтік құжаттар.

3.4.2. Айыппұл шеңберлерінің сұрақтарына дайындалу үшін әдебиет тізімі [www.cprm-publ.kz](http://www.cprm-publ.kz) сайтында Олимпиаданың басталуына дейін 2 апта бұрын орналастырылады.

3.5. Қатысушы «атыс шебіндегі» әрбір дұрыс «атыс» үшін 10 ұпай алады, айыппұл алаңындағы дұрыс «атыс» үшін 1-ден 9-ға дейін ұпай қосылады.

3.6. Қатысушы «атыс шебіндегі» дұрыс емес жауабы үшін 0 ұпай алады және автоматты түрде айыппұл шеңберіне жіберіледі.

3.6.1. Айыппұл шеңберінің сұрақтары ұсынылады:

1. Бірнеше ұсынылған жауаптардан бір ғана дұрыс нұсқа жауабымен жабық үлгідегі тапсырмалар (міндетті тапсырма);
2. Бірнеше ұсынылған жауаптардан үш дұрыс нұсқа жауабымен жабық үлгідегі тапсырмалар (міндетті тапсырма);
3. Компоненттері арасындағы сәйкестілікті белгілеу тапсырмалары (вариативті тапсырма);
4. дұрыс реттілікті белгілеу тапсырмалары (вариативті тапсырма).

3.6.2. Бірнеше ұсынылған жауаптардан үш дұрыс нұсқа жауабымен жабық үлгідегі тапсырмаларда 3 жауап нұсқасынан артық нұсқаны көрсеткен жағдайда, жүйе автоматты түрде 0 ұпай қояды.

3.6.3. Үшінші сұрақтың үлгісі Олимпиаданы дайындаушының қалауына қарай анықталады: компоненттер арасында сәйкестікті белгілеу немесе дұрыс реттілікті белгілеу.

- 3.6.4. Бірнеше ұсынылған жауаптардан үш дұрыс жауапты таңдау қажет тапсырмада әр сәйкестік 1 ұпаймен бағаланады (максималды ұпай саны 3).
- 3.6.5. Бірінші және екінші бағаналардың мазмұны арасындағы сәйкестікті белгілеу қажет тапсырмада әр сәйкестік 1 ұпаймен бағаланады (максималды ұпай саны 5).
- 3.7. Тура Олимпиада алдында әр пәндік бағыт үшін Нұсқауда орналастырылатын, жауаптарды рәсімдеу ерекшеліктері бар.
- 3.8. Максималды ұпай саны – 100.
- 3.9. Олимпиаданы өткізудің жалпы уақыты – 90 минут.
- 3.10. Қатысушы [www.cprm-publ.kz](http://www.cprm-publ.kz) сайтында жеке кабинетінде өтінім береді, соның негізінде автоматты түрде төлем шоты қалыптасады. Олимпиада тапсырмалары қатысушының шотында қажетті қаражат болған жағдайда ашылады.
- 3.11. Олимпиаданың өткізілу мерзімі [www.cprm-publ.kz](http://www.cprm-publ.kz) сайтында көрсетілетін болады.
- 3.12. Олимпиаданы өткеннен кейін қатысушыға компьютердің экранына жинаған ұпай саны шығарылады.
- 3.13. Олимпиада аяқталған соң, рейтингімен жалпы қорытынды хаттамалар олимпиада аяқталған күннен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірілмей [www.cprm-publ.kz](http://www.cprm-publ.kz) сайтында қол жетімді болады.

#### **4. Олимпиаданы ұйымдастыру**

4.1. Олимпиаданы өткізуді ұйымдастырушылық-әдістемелік, ақпараттық қамтамасыз ету үшін қорытынды шығаратын және Олимпиада нәтижелерін жариялайтын ұйымдастыру комитеті (әрі қарай – ұйымдастыру комитеті) құрылады.

4.2. Ұйымдастыру комитетінің міндеттері:

- Олимпиаданы өткізу бойынша технологиялық құжаттар пакетін дайындауды ұйымдастыру;
- Олимпиада тапсырмаларының осы Ережемен қарастырылған талаптарға және шарттарға сәйкестігін тексеру;
- Олимпиаданы өткізу мәселелері бойынша білім беру мекемелерімен қарым-қатынас жасау;
- Марапаттау материалының жүктеу және өз бетінше тираждау үшін Олимпиада қатысушысының жеке кабинетіне орналастыру.

4.3. Олимпиада қорытындылары туралы ақпарат олимпиада аяқталған күннен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірілмей [www.cprm-publ.kz](http://www.cprm-publ.kz) сайтында қол жетімді болады.

#### **5. Олимпиада жеңімпаздарын марапаттау**

5.1. Олимпиада жеңімпаздары ретінде қатысушылардың жалпы рейтингінде алғашқы үш орынды алған қатысушылар саналады. Бірдей ұпай саны болған жағдайда, қатысушылар орынды бөліседі.

5.2. Олимпиаданың барлық қатысушылары атаулы дипломдармен марапатталады және I, II, III дәрежелі «Жүлдегер» атағына ие болады.

5.3. Жеңімпаздар туралы ақпарат [www.cprm-publ.kz](http://www.cprm-publ.kz) сайтында «Қорытындылар» бөлімінде көпшілікке қол жетімді режимде орналастырылады.

5.4. Жүлделі орын алмаған барлық Олимпиада қатысушылары атаулы сертификат алады.

5.5. Жүлдегерлер жұмыс істетіін білім беру мекемелері қызметкерлерінің жоғары кәсібилігі және өңір-де білім беруді дамытуына үлес қосаны үшін оқу жылының соңында дипломдармен марапатталады.

5.6. Апелляция қарастырылмайды. Барлық ұйымдастырушылық мәселелер осы Ережемен алдын ала анықталды.

5.7. Барлық марапаттау материалдары (Дипломдар, Сертификаттар) олимпиада қатысушысының жеке кабинетінде электронды нұсқада орналастырылады.

## 6. Байқауды қаржыландыру

6.1. Олимпиада қатысушысы үшін банк комиссияларын және басқа да төлем жүйелерін есепке алмағанда, 800 теңге көлемінде мақсатты жарна қарастырылған.

Төлем жүргізу тәсілдері:

1) Ақша «Демидург» Олимпиадасын ұйымдастырушының кассасына тапсырылады

Мекенжайы:

Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы

119 құрылыс, 200 кеңсе,

«Евразийский центр поддержки и развития молодежи» ЖШС.

Тел/факс 8 7142 536467.

Жұмыс уақыты: 9.00-17.00 (дүйсенбі-жұма)

2) Ақша Олимпиаданы ұйымдастырушының есеп шотына «Казкоммерцбанк» АҚ немесе «Қазақстан халық банкі» АҚ түбіртектері бойынша (қалауы бойынша) аударылады.

Банк реквизиттері:	Банк реквизиттері:
Казкоммерцбанк АҚ	«Қазақстан халық банкі» АҚ
СТТН 391700264260	СТТН 110140012940
БСН 110140012940	БЕК 17
БЕК 17	БСК HSBKZKX
БСК KZKOKZKX	ЖСК KZ576010221000264647
ЖСК KZ629261601157940000	ТТК: 859
ТТК: 859	

«Қазақстан халық банкі» АҚ карталарын пайдаланушылар үшін <https://www.halykbank.kz> сайтында жеке кабинет арқылы онлайн төлем жүргізу мүмкіндігі бар.

3) Ақша өзіне-өзі қызмет ету терминалдары арқылы аударылады (on-line – төлем).

«e-kzt.kz» төлем қызметтері қол жетімді.

## БАЙЛАНЫС:

"Евразийский центр поддержки и развития молодежи" ЖШС

ТОО «Евразийский центр поддержки и развития молодежи»  
110000, Казахстан, Костанай, пр.Аль-Фараби, д 119, оф 200  
тел/факс: 8 7142 53 64 67  
тел: +7 705 134 05 04  
www.cprm-publ.kz

Мекенжайы: 110000, Қазақстан, Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 119, 200 кеңсе

Телефон (факс): +7 (7142) 53 64 67

+7 705 134 05 04